БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...Н ТУЫ

...КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

... апрель Сенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

***Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Колхоздарды бұдан былай да нығайтып, оның қоғамдық шаруашылығын барлық жағынан өркендету үшін күресіңдер! Еңбек тәртібін нығайтыңдар! Колхоз тұрмысының негізгі заңы—ауылшаруашылық артелінің Уставын қасиеттеп орындаңдар!***

БК(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы
1 Майға арнаған ұрандарынан

## ...ымдасқан ...н

...нғарғанда, оны жете
...нім мен оқу ісін мең-
... директорының оқу-
...ке -жеке дұрыс түсі-
... ғана оқушыға қойы-
...ының қандай болған-
...ханға жіберіліп, кім-
...рілмейтіндігін анық

...еттік маңызы зор іс.
...рға жылдық баға
...ымырашылдық жасау-
... оқу жылының бо-
...шының нақтылы ал-
...баға қоймай келсе,
...емтиханға жіберерде
...қандай түріне болса
..., ол емтиханда өзі-
...ді. Өйткені, емтихан
...лықты терең, жүйе-
... тексеріп коймай,
... оларға қаншалықты
...н де, педагогикалық
... бақылау болып та-

...омиссиялары И. В.
...«Марксизм және тіл
...ты тарихи еңбегіне
...ерде орыс, қазақ

*Май мерекесі құрметіндегі жарыс*

## Белсенділік жемісі

Өндіріс жаңашылдары, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Мария Левченко мен Григорий Мухановтың патриоттық бастамасын өз істерінің арқауы еткен, қаладағы «Екпінді» кәсіпшілік артелінің коллективі Май мерекесі құрметіне стахановтық вахтаға тұрып, тапсырманы асыра орындау және материалдарды үнемдеу жолындағы социалистік жарыста жаңа табыстарға жетуде.

Артель өткен тоқсанда жоспарды 113,8 процент орындап, елімізге жоспардан тыс 193,700 сомның бұйымын берді. Коллектив 1 майға дейін қалған күндер ішінде айлық жоспардан тыс 185 мың сомның өнімін шығармақ.

Мереке қарсаңындағы жарыста мастер Валишина жолдас басқарған жаппай бір үлгідегі киімдер тігу цехының мүшелері күнделік тапсырманы 140—150 процент орындай отырып, үнемделген материалмен айына бір күн жұмыс істейді. Бұл цехтың мастерлері Ягофаров, Хасанова, Садуақасова жолдастар сияқты озаттары сменалық тапсырмаларын 160 проценттен кем орындап көрген емес.

Цех қазір май айының есебінде жұмыс істеуде. Артель коллективінің ...

# Дала жұмыстары кеңінен өрістетілсін!



Совет ауданындағы «Победа» колхозында майлы дақылдар егіле бастады. Мұнда 68 гектар күнбағыс, рыжик және магары егілді.
СУРЕТТЕ: Тракторшы **М. Богатырев** және тұқым себуші **Н. Волков** жолдастардың майлы дақылдар сеуіп жүрген кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Дәнді дақылдардың өнімділігін ...

## Майлы дақылдар септі

«Көктерек» колхозында (Совет ауданы) көктемгі дала жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Колхозшылар көктемгі егісті тез және агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуге өздерінің күш- жігерін аямай жұмсауда. Осының нәтижесінде мұнда 50 гектар жер жыртылды.

Мұнымен бірге, пар мен зябьті тырмалау және жерді сыдыра жырту жұмыстары да кең көлемде жүргізіле бастады. Бұл жұмыстар түгелдей трактор күшімен атқарылуда. Трактор бригадасы қазірдің өзінде 30 гектар пар мен зябь жыртылған жерлерді ерте тырмалап, 10 гектарға жуық егістік аланды сыдыра жыртты.

Жер жыртуда және пар мен зябьті тырмалауда трактор бригадасының жекелеген озат тракторшылары Бірінші Май құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасу нәтижесінде, қажырлы еңбек етіп, зор табыстарға жетті. О. Смағұлов және А. Ахметов сияқты тракторшылар егіс жұмыстары басталғаннан бері сменалық жұмыс нормаларын дәлме-дәл орындап келеді. Олар кейбір күнде ...

# өміріндегі мемлекеттік маңызы зор іс

## ...ізейік

...қолға алмай,
...н аудандар-
...амына жа-
...н ережелері
... мектептер-
...у, қосым-
...- аналармен
...ықтай бол-

...лған ау-
...қыт әлі
...ны орын-
...ке кірісуге
... салушы-

...ігінің нұ-
...ыш мектеп-
...етіжылдық
... тапсыруға
...і мен мек-
...етіжылдық
...ы ойдағы-
...зулары жә
...нік жұмыс-

...қас оқыту-
... қабылдай-
...тушыларға
...ныстыруға-

...н мектеп
...ллективтері
...п келген
..., жазғы
...толық әзір-
... бұл емти-
...тісу үшін

...ТБЕКОВ,
...ктор

**Қазір мектептерде жазғы емтиханға әзірлік қызу жүргізіліп жатыр. Оқытушылар коллективтері барлық күш- мүмкіншіліктері мен бай тәжрибелерін оқушылардың программалық материалдарды толық меңгеріп, емтиханды ойдағыдай тапсыруын қамтамасыз етуге жұмсауда.**

**Мектептерде сынақ пен емтиханның басталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Мектептер өміріндегі аса жауапты кезең — сынақ пен емтиханға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену — оқытушылар коллективтері мен оқушылардың бүгін таңдағы ең негізгі міндеті.**

**Төменде емтиханға әзірліктің барысы жөнінде оқу-ағарту қызметкерлеріне сөз береміз.**

## Қала мектептерінде

Жазғы емтихан күндері жақындап келеді. Совет мектебінің оқушылары бір жыл ішінде алған білімдеріне болатын сынақ және емтихан жұмыстарына үлкен ынта-жігермен әзірленіп жатыр.

Ал, мектеп басшылары мен оқытушылар коллективі оқушылардың барлығын емтиханға жіберіп, кластан- класқа көшіруді қамтамасыз ету үшін нашар үлгеретін оқушыларға көмекті күшейте түсті. № 4 бастауыш мектепте оқытушылар нашар үлгеретін оқушылармен күн сайын қосымша сабақ өткізіп, оларға тапсырыс береді, оның орындалуын үнемі тексеріп отырады. Бұл сияқты жұмыстар басқа мектептерде де жоспарлы жүргізіліп жүр.

Қазір мектептердің негізгі міндеттері-...

## Мектеп өміріндегі жауапты кезең

Төртінші тоқсан мектептердегі оқу жылының ең жауапты кезеңі. Бұл тоқсан оқушылардың 1951—1952 оқу жылында алған білімі мен оның сапасын жетілдіру, жас ұрпақты Отанымызға шексіз берілгендік рухта тәрбиелеу жолындағы оқытушылар коллективінің, мектеп партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жұмысының нәтижесін көрсетеді.

Ауданымызда оқушыларды ғылым негіздерімен қаруландырып, Ленин— Сталин партиясына шексіз берілгендік рухта тәрбиелеу міндетін абыроймен орындап келе жатқан мектептер аз емес. Қиялы онжылдық және Сартомар жетіжылдық мектептерінде оқу жылының үш тоқсаны айтарлықтай жақсы табыстармен аяқталды.

Қиялы орта мектебі (мектеп директоры Иваницкий жолдас) үлгілі мектептердің бірі. Мұнда оқу программасы бойынша әрбір пәннен өтілетін материалдар толығымен аяқталып, өткен сабақты жоспарлы түрде қайталау ұйымдастырылды. Қайталауда оқушылардың жыл ішінде алған білімдерін тиянақтауға ерекше назар аударып, үлгермеуші оқушылармен ойдағыдай жұмыс істелуде. Олардың жазғы емтиханға үлкен сеніммен келуі жолына мұғалімдер коллективі творчестволық еңбек сіңіріп жүр. Бұл мектепте емтиханға әзірлену бұрышы ұйымдастырылды. Бұрышта оқушылардың жас ерекшелігіне және білім дәрежесіне сәйкес күн тәртібі жасалып, ол оқушылардың ата-аналарына таныстырылды. Мұнда әрбір пәннің ерекшелігі еске алынып, емтиханға дайындалудың тәртібі жөнінде оқушыларға кеңес беру ұйымдастырылған. Сол сияқты, оқушылардың емтиханға алаңсыз әзірленуі үшін мектеп ішінен дербес бөлме бөлініп, ол әртүрлі ...

...дің таңдаулы мұғалімдері емтихан жұмысына үлкен жауапкершілікпен әзірленуде. Бұл жөнінде Молотов атындағы жетіжылдық мектептің төртінші класының оқытушысы Азаматова жолдастың үлгілі жұмысын атап өту қажет. Азаматова жолдас оқу программасын орындап, қайталау жұмысын жоспарлы жүргізіп келеді.

Емтиханға әзірлік кезіндегі комсомол, пионер ұйымдарының жұмысы Шағлы, Безлесен жетіжылдық мектептерінде бұрынғыдан да жақсартыла түсті. Бұл мектептердің комсомол, пионер ұйымдары әрбір комсомолец пен пионерлердің сабақты үлгеруін, емтиханға әзірленуін бақылап, тиісті жерінде оларға көмектесіп отырады.

Аудандық оқу бөлімі аудандағы барлық мектептердің емтиханға әзірлігін алғашқы тексеру жұмысын толық аяқтады. Емтихан алу жөніндегі комиссиялардың құрамы бекітілді.

Дегенмен, ауданның бірқатар мектептерінде емтиханға әзірлік ісі көңілдегідей болмай отыр. Молотов жетіжылдық мектебінің директоры Бегжанов, Өрнек бастауыш мектебінің меңгерушісі Ешкеев жолдастардың емтихан жұмысына немкетті қарауы салдарынан бұл мектептерде көптеген кемшіліктер байқалады. Буларда оқу программасы әлі орындалған жоқ. Қайталанатын сабақтарға жоспар жасалмаған. Оқушылар мен ата-аналар арасында емтиханға әзірлік жөнінде түсінік жұмысы жеткіліксіз. Мұндай фактілерді ауданның басқа да кейбір мектептерінен кездестіруге болады. Бұл кемшіліктерге оқу бөлімі де ортақ екендігін мойындау керек. Біз мектептердің емтиханға әзірлену жұмысына нақты бақылау жасамай, шын мәнісінде қолма-қол ...



**Тамбов облысы.** Тұқымдық құс өсіру саласындағы өндіріс жұмысының әдістерін негізінен жетілдіргені үшін Тамбов облысы, «Аржинка» совхозының бір топ қызметкерлеріне Сталиндік сыйлық берілді.

СУРЕТТЕ: Сталиндік сыйлықтың лауреаты құс өсіруші **Е. Волкова.**

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

## Егіншілерді мәдениетті қамтыймыз

Колхозшылардың мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеу мақсатында біз колхоз партия ұйымының көмегіне сүйене отырып, өзіміздің жұмысымызды көктемгі дала жұмыстары кезінде колхозшыларды мәдениетті қамтуға бағыттап қайта құрдық. Партия ұйымы көктем егісі кезінде үгіт -бұқаралық және мәдени -ағарту жұмыстарын жақсарту мақсатында партия жиналысын және үгітшілердің семинарын өткізді. Оларда бригадалар мен ...

